

## БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ

## Сабақтың тақырыбы. Қошқар мен теке мультфильмі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
17.01.2018СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/26504/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Күні 24 10 2017ж Пәні: қазақ тілі типі : 1

<b>Сабақтың тақырыбы</b>	<b>Қошқар мен теке мультфильмі</b>	
<b>Сілтеме</b>	3 сынып оқулығы	
<b>Жалпы мақсаты</b>	Халық ауыз әдебиетіне қызығушылықтарын арттыру, ой-өрістерін кеңейту, өз ойларын нақты жеткізе білуге дағдыландыру	
<b>Міндеттері</b>	Оқушылардың қошқар мен теке туралы білетін ақпараттарын кеңейту. Іздендіру арқылы жаңа тақырыпты меңгеруге ықпал ету. Қошқар мен теке туралы қызықты оқиғаларды көріп, оған сипаттама беру. Жамандық пен жомарттық ажырату.	
<b>Күтілетін нәтиже</b>	Қошқар мен теке туралы оқиғаны көреді. Қошқар мен текеге сипаттама береді. Жамандық пен жомарттықты ажыратады.	
<b>Сабақтың түрі:</b>	Жаңа сабақ	
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Орыс тілі	
<b>Әдіс-тәсілдер</b>	сұрақ-жауап, әңгімелесу, суретпен жұмыс, ойын, шығармашылық жұмыс.	
<b>Көрнекілік-тер</b>	Суреттер, кеспеде жазылған сөздер. Сағаттың слайдтары.	
<b>Сабақ кезеңдері</b>	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
<b>Сабақтың басталуын ұйымдастыру</b>	<b>Амандасу:</b> Қайырлы күн, досым, Қайырлы күн болсын. Дүйсенбінің (сейсенбінің, бейсенбінің, сенбінің) сабағы Сәттілікке толсын! Біздің алар бағамыз, Кілең бестік болсын! Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу:	Оқушылар амандасады. Кезекші оқушы сабақта кім жоқ екенін айтады
<b>Білу</b>	«Ыстық орындық» әдісі арқылы үйге берілген Алдар көсе туралы өз түсініктерін оқып, айтып береді. Үй жұмысын тексеремін, қателерін жөндеймін.	сұрақтарға жауап береді.

<p><b>Түсіну</b></p> <p><b>Тапсырма-лармен жұмыс</b></p>	<p><b>Жаңа сабақты түсіндіру.</b>          Балалар біз өткен сабағымызда Алдар көсе туралы мультфильм көрдік.          Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Қошқар мен теке» мультфильмі.          Қошқар мен теке мультфильмін кімдер көрді?</p> <p>Қошқар мен теке мультфильмінен үзінді көрсету          Қошқар мен теке мультфильмінде не туралы болды?          Мультфильмде не бейнеленген?          Мультфильм туралы әңгімелеу.          1-тапсырма. Суретке мұқият қара.</p> <p> Қошқар мен теке туралы жазу.          Қошқар мен теке үйлеріннен өз қожаларын іздеп орманға шығады. Ол жерде оларды қасқырлар күтіп алады. Өз қожайындарын құтқарып алу үшін қасқырларға тойтарыс беріп, өз қожасын құтқарып алады.</p>	<p>Балалар слайдқа қарап бүгінгі тақырыпты ашады.          Берілген тапсырманы орындайды.</p>
<p><b>Сергіту сәті</b></p>	<p>«Көңілді күн» музыкасына билеу.</p>	<p>Әр түрлі қимылдар жасап, шынығып алады.</p>
<p><b>Талдау</b></p>	<p>2-тапсырма. Сұрақтарға жауап жазу.          Қошқар мен теке қандай жануар?          Үй жануары ма, әлде орман жануары ма?          Олар қайда өмір сүреді?</p>	<p>Оқушылар сұрақтарға жауап береді.</p>
<p><b>Жинақтау.</b></p>	<p>Кластер құру.          Қошқар мен теке туралы кластер құру.</p>	<p>Оқушылар сұрақтарға жауап береді.</p>
<p><b>Сабақты қорыту</b></p>	<p>Сұрақ –жауап.          Сендер қандай мультфильм көрдіңдер?          Мультфильмнің атауы қандай ?          Қошқар мен теке мультфильмінде не бейнеленген?</p>	<p>Оқушылар сұрақтарға жауап береді</p>
<p><b>Рефлексия</b></p>	<p>«Жетістік» ағашы арқылы рефлексия жасатамын. Оқушылар жеміс ағашына өздерінің сабақта не түсінгенін және қандай қиындықтар болғанын жазып жапсырады.</p>	<p>Жетістік ағашына жапсырады</p>
<p><b>Бағалау</b>  <b>Үйге тапсырма</b></p>	<p> Қошқар мен теке мультфильмі туралы өз түсініктерін жазу.</p>	<p>Үйге тапсырманы күнделіктеріне жазып алады.</p>